

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БІЛІМ ЖОЛЫ: АҒАРТУШЫЛЫҚТАН ҚАЗІРГІ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТҚА ДЕЙІН

Ағабекова Ж.А.¹ , Сулейменова Ж.Н.^{2,*} 

¹Назарбаев университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.

*e-mail: zharkyn123@mail.ru, zhazira.agabekova@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда білім беру жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақ әйелдерінің білім жолы, қазіргі Әділетті Қазақстан құрудың алғышарттарының бірі – әйелдердің әлеуметтік құқықтарының, олардың қоғамдық өмірдегі рөлінің маңыздылығы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты қазіргі Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуында қазақ әйелдерінің білім жолындағы тарихи үлесін айқындау болып табылады. Зерттеудің негізгі идеясы – қайраткер қазақ қыздарының білім алу жолын тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып, қазіргі заманда олардың ғылым, техника, инженерия, өнер, саясат алаңындағы орнын айқындау. Зерттеу барысында тарих, мәдениет саласындағы ғылыми-көпшілікке арналған әдебиеттерді талдау, қазақ әйелдерінің білім алу жолының тарихын зерттеу, библиография түзу және сандық әдістер қолданылды. Зерттеудің құндылығы ХХ ғасыр басында қазақ қыздары білім алуы үшін ашылған қазіргі Алматы қаласындағы алғаш семинария, Қызылордадағы екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар, Орынбордағы өлкелік қазақ мектеп-коммуналары, Қазақстанның Орал, Шымкент, Ақмола, Қарқаралы, Павлодар т.б. ірі қалаларында ашылған мектептердің қазіргі білім беру жүйесін дамытудағы тарихи маңызының айқындалуында. Жұмыстың практикалық маңызы – қазақ қоғамындағы білім беру жүйесінің, халық ағарту ісінің дамуы тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу, Қазақстандағы білім беру жүйесінің тарихи дамуындағы сабақтастық мәселесінің нақтылануы, білім жолындағы, оны дамытудағы қазақ әйелдерінің тарихи лайықты орнын зерделеу. Зерттеу нәтижелері қазақ әйелдерінің білім беру жүйесіндегі даму тарихын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды қамтиды.

Кілт сөздер: қазақ әйелі, білім алу, ағартушылық, алғаш мектептер, қазақ тарихы, гендерлік білім.

Кіріспе

XIX ғасырдың басында орыс отаршылдығы кезеңінде қазақ жерінде алғаш мектептер ашыла бастады. Бөкей хандығындағы басқару жүйесінің өзгерулеріне байланысты ең алдымен сауаттылық мәселесі алға қойылды. Осыған орай мұнда алғашқы мектеп 1841 жылы ашылып жұмыс істей бастайды. Алғашқы бастауыш мектептері ұйымдастырылып, орыс және қазақ сыныптарына балалар алынады. Алғашында орыс сыныбында 13 оқушы, қазақ сыныбында 2 оқушы жиналады. Оқушылардың жастары 22 жас пен 9 жас аралығында болды. Бірақ мұнда қыздар мүлдем оқымады.

Қазақстандағы, 1897 жылғы санақ есептері бойынша, бүкіл ауылдық жерде сауатсыздар саны 72,2 пайызды құрады [1]. Бұл кезеңде әйелдердің білім ауына мүмкіндік болмағаны тарихтан белгілі. Сауаты бар деген әйелдердің өзі қол қоюмен ғана шектелетін, аздаған бөлігінің ғана 2-3 сыныптық білімі болды.

Қазақтың аса көрнекті педагогі Ыбырай Алтынсарин уездік қалаларда қазақ қыздарының білім алуына мүмкіндік беретін оқу орындарын ашуды мақсат етеді. Оның ағартушылық қызметіндегі ең бір шешуші кезең алғаш қазақ қыздары үшін мектеп ашуы болды. Ол патшалық өкімет орындарында ашық хат жазып, қыздар мектебін ашу туралы өтініш жасайды. Сол кездегі Ресей халық ағарту министрі 1887 жылы Ырғызда қыздар училищесін ашуға рұқсат береді. Бұл жөнінде белгілі ғалым Қ.Б. Сейталиев «Педагогика тарихы» атты еңбегінде Алтынсариннің 1887 жылы алғаш Ырғызда бірінші қазақ қыздар мектебін ашқаны туралы айтылады. Онда алғаш рет 15 қыз оқыды. Училищедегі білім мазмұнында, негізінен, киім пішу, тігу, тоқу тәрізді қолөнерді үйретуге басымдық берілді [2].

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының кемел болашағын көздеп, білімге ұмтылған қыз балалардың оқып, білім алуларына жол ашты. Дегенмен мұндай аса маңызды бастамалары патша өкіметі тарапынан кедергілерге тап болды. Осыған орай ол В.В. Катаринскийге жазған бір хатында: «Ырғыздағы қыздар интернатында қазақ қыздарының санын 20-ға дейін көбейту туралы губернаторға ұсыныс енгізген едім... губернатор қазақ қыздары интернатының көңілдегідей болуына біраз күмән келтіретін көрінеді. Ондай пайдалы істі бастап көрмесек, онда еш уақытта да ештеңе шықпайды ғой», – деп жазды [3].

Қазақ қыздарының қазақстандық білім беру жүйесін дамыту жолындағы маңызды қадамдары мен ізденістері – тарихи мұра, әлемдік мәдениеттің өркендеуіне қосқан мол үлес. Ең бастысы – қазақ қыздарының білім алу жолындағы тарихи күресі қазіргі еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени дамуына негіз болуы. Білім беру жүйесінің даму тарихын зерттеген белгілі ғалымдар Қ.Б. Сейталиев, К.К. Құнантаева, т.б. еңбектеріндегі тарихи құжаттар мен деректер негізінде талданған еңбектің маңыздылығы – қазақ әйелдерінің білім беру тарихында ағартушылықтан бүгінгі өзекті болып табылатын гендерлік теңдік идеологиясының Әділетті Қазақстан құрудағы белсенді күресіне бағытталу жолын айқындау.

Материалдар мен әдістер

Қазақ қыздарының білім алу жолының тарихын зерделеуде белгілі ғалымдар Қ.Б. Сейталиев, К.К. Құнантаева, Ө.А. Айтбаев т.б. еңбектеріндегі білім беру жүйесінің даму тарихы бойынша нақты деректер алынды. Зерттеу жұмысын жүргізуде жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдарына сүйене отырып, қорытындылар жасаймыз. Деректер Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы, білім мазмұны, сол кезеңдегі мектеп жүйесінің ерекшеліктері, соның ішінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері қазақ әйелдерінің білім жолындағы күресінің тарихи маңызды рөлін айқындап берді. Зерттеу тақырыбына сәйкес әдебиеттерді түзу әртүрлі дерекқорлардағы мәліметтерді салыстыру, статистикалық талдаулар мақсатында жүргізілді. Қазіргі Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасып, даму жолында ерекше рөл атқарған қайраткер қазақ әйелдерінің тарихын зерделеген М. Бейсенова, А.Қ. Садықова, М.А. Бижанова, М.А. Қазбекова т.б. еңбектеріндегі әйелдердің қоғамдағы белсенді әрекеті, қоғамдық-саяси өмірдегі орны, олардың әлеуметтік құқықтары мен қоғамдық белсенділіктерін арттыру жөніндегі материалдарға назар аударылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Белгілі ғалым Қ.Б. Сейталиев қазақ әйелдеріне білім беру ісінде Ы. Алтынсариннің алатын орны ерекше екендігін айта келе, қазақ қыздарының білім алуы үшін жасалған маңызды оқиғаны «қазақ халқының өмірінде болған аса үлкен оқиға» деп жоғары бағалайды [2]. Кейін қыздар училищелері 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1896 жылы Ақтөбеде ашылды. Осы оқу орындарында 211, соның ішінде 70 қазақ қызы білім алды [1].

1911 жылғы есептерге қарағанда, қазақ жерінде 350-дей орыс-қазақ мектептері болды. Онда 190-дай қазақ қыздары білім алды. 1911–1912 жылдары Бөкей хан ордасындағы әйелдерге арналған училищелерде ересек қыздар оқып, алғашқы мұғалімдер даярланып шығады. Оларды атап айтқанда, Ахмедова Разия, Қармамбетова Майғыз, Ахметжанова Жамал, Уразбаева Халима, Байтұрсын Халима [1].

Қазақ қыздарының білім алу жолын зерделеген белгілі ғалым К.Қ. Құнантаева өз зерттеуінде 1914–1915 оқу жылының есебі бойынша небәрі сол кезде елімізде 2011 мектеп жұмыс істеп, 1900 қыз оқығандығы туралы мәліметтерді көрсетеді.

1917 жылы Қазан төңкерісі патша өкіметін құлатып, билікке келген большевиктер партиясы білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер жасайды. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасының 1920 жылғы Қазанда болған I Құрылтай съезі қазақ әйелдерін бұдан былай күндіктен азат ету туралы шешім қабылдады [4]. М. Бейсенова «Совет өкіметі қазақ әйелдеріне не берді» атты кітабында қазақ әйелдерінің сауатсыз

болғанын атап көрсетеді: «Революцияға дейін сауатты халқының саны 2 процент қана болған. Қазақстанда әйелдер жаппай дерлік сауатсыз болды. Сондықтан әйелдерді республиканың қоғамдық-саяси өміріне және өндіріс жұмыстарына қатыстыру ісін сауатсыздықты жоюдан бастау керек болды. Сондықтан сауатсыздықты жою мектептерімен қатар қызыл отаулар ашылды. Қызыл отауларда әйелдер үй шаруашылығын жүргізуді, медициналық мәселелер жөнінде де кеңес алып отырды. «Некені айыру туралы, азаматтық неке туралы, балалар туралы және азаматтық жайды тіркеу кітабын қолдану туралы заңдарды әйелдерге түсіндіру» мәселелері қарастырылып отырды [4].

Педагогикалық білім беру тарихын зерттеген А.Қ. Садықова 1917–1918 оқу жылында Верный қаласында ашылған алғаш семинарияда қазақ қыздары оқи бастағанын, осымен байланысты мұғалімдер құрамына да өзгерістер енгенін және оған дейін Верный аталған мұғалімдер семинариясында ер мұғалімдер ғана қызмет етсе, енді әйел оқытушылардың да саны артқанын көрнекі түрде көрсетеді, Кесте –1.

Кесте 1 – 1920 жылғы Алматы (бұрынғы – Верный) мұғалімдер семинариясының мұғалімдер құрамы [5].

Оқу орны	Семинария училище	Ер мұғалімдер	Әйел мұғалімдер	Шәкірттер саны	Мұғалім дәрежесі барлар	Мұғалім дәрежесі жоқтар
Верный мұғалімдер семинариясы	1	13	6	19	9	10
Үлгілі училище	1	2	1	3	3	—

Кестеден мұғалімдер құрамында әйелдердің санының артқанын көруге болады.

1920–1921 жылдары Орынборда Өлкелік қазақ мектеп-коммуналары ашылып, осы жылдары 350 оқушы оқиды. Олардың 47-сі қазақ қыздары болды. 1925 жылы Қазақстанның Орал, Шымкент, Ақмола, Қарқаралы, Павлодар т.б. қалаларында қыздарға арналған 30 баладан оқитын мектептер ашыла бастайды. Осы жылы Қызылорда да педучилищеде екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курс ашылды.

1932 жылы Қызылорда қаласында ашылған Қазақ педагогикалық техникумы кейін 1952 жылы М. Мәметова атындағы қазақ педагогикалық училищесі болып қайта ұйымдастырылады. Училище 30 жылдан астам уақыт қазақ қыздарының білім алып, кәсіби маман болып қалыптасуына мүмкіндік берді.

Ұлы Отан соғысы жылдары көптеген ерлер майданға ел қорғау үшін аттанғанда, барлық мектептерде мұғалімдердің жетіспеушілігі туындайды. Осы қиын-қыстау кезеңде қазақтың рухани тірегі болған қайраткер ұлдарының бірі Н.Д. Оңдасынов қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін ашуға атсалысты. Н. Оңдасынов бұл мәселені Отан алдындағы ең маңызды міндеті деп санайды. Нәтижесінде, 1944 жылы тамыз айының 15-де Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен қазіргі білім ордасы ашылады.

«Нұртас Оңдасынов. Құжаттар мен материалдар» жинағында Н.Д. Оңдасыновтың КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.А. Вознесенскийге жазған арнайы хаты ұсынылған. Аталған құжатта алғаш құрылған жоғары оқу орнына ерекше жағдайлар жасау қажеттігі туралы, білім алушыларға ақысыз тамақ беріп, киімдермен қамтамасыз ету, жайлы жататын орындармен және оларға медициналық қызмет көрсету қажеттігін сұраған. Аталған құжатта Қазақ ССР Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Д. Оңдасынов пен Іс басқармасының басшысы Н. Күзембаевтың қолтаңбалары мен мөр басылған [6].

Академик профессор Ө.А. Айтбайұлы «Тілғұмырлар» атты кітабында: «Сондай

қиыншылық заманда қазақ қыздарының қамын ойлап, іске қосылған мұндай керемет оқу орны ол кезде де, қазір де ешбір елде болған емес (Қырғызстанда болды). Міне, мұның да басы-қасында Ж.Ш. Шаяхметов пен Н.Д. Оңдасыновтың болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл институттың қамқорлығын көріп қанаттанған, сөйтіп, республикамыздың жер-жерінде елу-алпыс жыл бойы еңбек етіп, еліміздің рухани, мәдени, экономикалық өрлеуіне өз үлесін қосып келе жатқандар, өздерінің осылай білімділер қатарына қосылуына зор мүмкіндік жасаған Н.Д. Оңдасынов сияқты тұлғаның рухына үнемі тағзым ете жүргендер мақұл ма дейміз. Білетіндері солай етіп жүрген де болар», – деп тұжырымдайды [7].

Қыздар университетінің білікті маман, педагогтерді даярлауда маңызы зор. Алғашқы қыздар білім ордасының факультеттері – Физика-математика, Тарих, Тіл және әдебиет бөлімдері 75-ке жуық білім алушыларды қабылдады. Қазіргі кезеңде университетте 12 мыңға жуық білімгерлер оқып, тәлім-тәрбие алууда.

Қыздар университетінің дамуы жолында еңбек еткен қайраткер тұлғаларымыздан Т. Мырзабекова, А. Ыбыраева, М. Сармурзина, К. Құнантаева, Ш. Беркімбаева, т.б. есімдерін мақтанышпен атай аламыз. Олардың есімі тарихта мәңгі қалмақ.

«Қазақ ұлттық қыздар университеті – еліміздің әр аймағынан келген ару қыздарымызға әр саланың қыр-сырын жетік меңгертіп, білікті маман дайындап қана қоймай, бойжеткендердің өн бойларына біліктілікпен қатар, инабаттылықты сіңіріп, ұлттық дәстүрден таймай, әр қыздың сегіз қырлы, бір сырлы болуы үшін еселі еңбек етіп, саналы ұрпақ тәрбиелеу деген зор сенімді жүктеп келе жатқан киелі орда» [8].

Қазақ тарихында дана әйелдер аз болмаған. Ежелгі дәуірде парсы патшасы Кирді жеңіп, сақ тайпаларын біріктірген, тарихта мәңгі есімі қалған Тұмар патшадан (Томирис) бастап, бүгінге дейінгі қазақ елінің дамуында өшпес із қалдырған қайраткер қазақ әйелдерінің тарихы – ғажап! Олар: ХІ ғасырда өмір сүрген, Бәйдібек батырдың жан-жары, мейірімділік пен рақымшылдықтың нышаны болған, дана тұлға – Домалақ Ана, «сезім мен адалдық күшінің үлгісі» болған – Айша Бибі, Уәли ханның ханшайымы, ел басқарып, халық құрметіне ие болған – Айғаным Ханша, ХІХ ғасырда «қазақтың әйгілі ақын қызы, майталман айтыскер, жезтаңдай әнші, домбырашы» – Ұлбике Жанкелдіқызы. Ол туралы «Қазақ әдебиетінің тарихында» мынадай деректер берілген: «қаршадай қайсар ақынның қатал заманда жүрегі дауалап, топқа түсіп, бетіне жан қаратпай жарыққа шыққаны, өнер үшін азаттық үшін дара күрескені, ақырында жауыздықтың қолынан 24 жасында мерт болып, қапыда кеткені ерлікпен пара-пар емес пе! Бүгінде Ұлбике есімі аңыз бен жырға арқау болып келеді» [9]. Парасат иесі, қазақтың қайраткер қызы, Әбілқайыр ханның ханымы Бопай ханым – бүгінгі қазақ қызының үлгі тұтар тарихи бейнесі.

Қазіргі Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуында ерекше рөл атқарған қазақ әйелдері – мәңгілік тарих белгісі. Қазан төңкерісінен кейін Кеңес үкіметін орнату жолында ұлт тұлғалары, қазақ қыздарының еңбегі ерен. Олар қазақ әйелдерінің бостандығы, азаттығы, жарқын болашағы үшін күресті. Атап айтқанда, қоғам қайраткері, алғаш коммунистердің бірі, 1923–1924 жылдары шығып тұрған «Әйел теңдігі», «Жетісу әйелі» газетінің редакторы қызметін атқарған С. Есова, қазақ әйелдерінің теңдігі үшін күрескен ағартушы тұлға А. Оразбаева, ағартушы, партия қызметкері Н. Ыдырысқызы, қазақ қыздарының арасынан шыққан, тұңғыш журналист, ұстаз Н. Құлжанова, қазақ әйелдерінің сол кездегі мұң-мұқтажын жырлаған ақын Ш. Иманбаева, әдебиеттанушы ғалым, ұстаз Ә. Мәметова. Бұл қасиетті есімдер – өз болмыстарымен қазақ қыздарының қайраткерлік тұлғасын, елге қызмет етудің жарқын үлгісін жасаған, бүгінгі заманның қазақ қызы үшін үлгі-өнеге, ғибрат, тәлім.

Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағы Батыры атағын иеленген, қазақтың тұңғыш батыр қыздары, Шығыстың қос шынары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова. Олардың Отан үшін ерлігі мен ізгі қасиеттері, жауынгерлік қайсарлығы – қазақ қыздары үшін үлкен өнеге.

1961 жылы әйелдер съезінде сол кезеңде Қазақстан Компартиясы Орталық

Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарған Д.А. Қонаев қазақ әйелдерінің жұмысшылар мен колхозшылардың 50 пайызын құрап отырғанын атап өтті. 1970 жылдардағы мәліметтерге қарағанда, қоғамдық жұмыстармен халық шаруашылығы саласында әйелдер саны жоғары көрсеткішті, 58 пайызды, көрсетті.

«Коммунистік партия мен Совет мемлекеті жергілікті ұлттың ғылыми қызметкерлерін даярлауға күнделікті қамқорлық жасап әйелдер арасынан ғалымдар даярлап шығару ісіне ерекше көңіл бөледі» [4].

Қазақ ғылымын дамытуда қазақтың ғалым қыздарының қажымас ерлігін ерекше атап өткен жөн. Зерттеулерде 1975 жылдың есебі бойынша, олардың ішінде Қазақстанда 117 ғылым докторы, 3 000-дай ғылым кандидаттары болды. Қазақ ғылымын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан профессор, микробиолог М. Шигаева, медицина саласында профессорлар К. Утегенова, Р. Сатпаева, профессор Х. Мурзалиева, С. Карабаева, биология саласындағы алғашқы ғалымдардың бірі Н. Базанова, геолог П. Тажибаева, тарихшы, профессор Л. Әуезова, филолог, профессор К. Канафиева–Кереева, академик Р. Сыздықова, В. Исенғалиева, т.б. есімдері ерекше құрметтеледі.

Қазақ өнерінің дамуына өлшеусіз үлесін қосқан қазақ қыздарынан қазақтың әйгілі күйшісі, композитор Дина Нұрпейісованы, қазақтың атақты күміс көмей әншісі, қазақ опера өнерінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, КСРО Халық әртісі К. Бәйсейітова, КСРО халық әртісі, қазіргі заманғы қазақтың музыкасының негізін қалаушы, дарынды композитор, профессор Ғ. Жұбанова, қазақ театрының қайраткері КСРО халық артисі, «Отан» орденінің иегері Х. Бөкеева, көрнекті опера әншісі Р. Жаманова, КСРО халық артисі, бұлбұл әнші Б. Төлегенова, өнер қайраткері, Қазақстанның атақты халық суретшісі, Г. Ысмайылова, қазақ би өнерінің негізін қалаушы, би падишасы, Қазақстанның халық артисі Ш. Жиенкұлова – ерен еңбек иелері, кешегі қазақ қыздарының көшбасшысы, бүгінгі қазақ қыздарына үлгі-өнеге.

Қазақ әйелінің ертеден өзіндік үні, еркіндікке ұмтылған бет-бейнесі болды. Әйел – қашан да қоғамның құрметіне ие болған тұлға. М.А. Бижанова «Түркі даналығындағы бақыт метафизикасы» атты еңбегінде Алтын Орда дәуірінің аса көрнекті ақыны Сайф Сарай шығармасындағы ер мен әйелдің қарым-қатынасына баса мән бергендігін мына үзіндіден көруге болады: «Сарайдың адамдар арасындағы қатынастардың ішінде негізгілердің бірі ретінде отбасындағы еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығы аталады. Яғни қай заманда болмасын адамның отбасындағы өзара түсіністік ең жоғарғы құндылықтардың бірі екендігін ортағасырлық ақын төмендегі жыр жолдарымен әдемі жеткізе білген деген ойдамыз:

Әйелің – адал жарың, оны сүй, әзиз ер,

Әрбір ауыр жағдайда дәйім сені демер.

Оған дос бол, оны сүйіп, көңіл бер,

Оның сөз теңізінен гауһарларын тер.

Түркілік ойшыл отбасындағы адалдықтың адам үшін үлкен маңыздылығын атай келіп, пенденің сүйіп қосылған жары бірте-бірте нағыз досына айналуы тиіс деген даналық ойды тұжырымдайды» [10].

Профессор К.Н. Бұрханов қазақ қоғамында әйелдерінің теңдесі жоқ рөлін былай сипаттайды: «Біріншіден, Қазақстан тарихындағы әйелдер өз отбасы мен ошаққасының ұйтқысы бола жүріп, қоғамның саяси және экономикалық өміріне араласа отырып, ерлермен тең қоғамдық мәртебе алғанын атап айту керек. Қазақ қоғамы құрылымының қиын климаттық жағдайы және өзгеше экономикалық құрылысы осындай табиғи жағдайды қалыптастырады. Дүниежүзінің басқа аймақтармен салыстыра қарағанда, қазақ әйелдері қол астындағы жағдайда бет-жүзін қымтанып бағынышты болған жоқ, бірақ саяси үдерістерге қатысып олардың көпшілігі тарихта талантты әрі мықты мемлекеттік қайраткер ретінде тең дәрежеге ие болды» [11].

XX ғасырдың басында азаттық үшін, тең құқықтары үшін әйелдер қоғалысы артып, қоғамда белсенді бола бастады. XX ғасырда саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы әйелдердің қоғамның белсенді мүшесі болуына, азаматтық ұстанымының қалыптасуына ықпал етті. Соның нәтижесінде қалыптасқан гендерлік стереотиптер әлсіреп, әйелдер елдің қоғамдық-саяси өміріне тығыз арласа бастады.

Мемлекеттің өркендеуі гендерлік теңдікпен өлшенеді. Кейбір елдерде әйелдердің әлеуметтік құқықтарының, олардың қоғамдық өмірдегі рөлінің төмен екендігін көруге болады. Бүгінгі күнге дейін әйелдерге қатысты өзекті мәселелерден қоғамдық санада гендерлік теңдіктің қажеттігін қалыптастыру, осы тұрғысынан әйелдердің тең құқығын жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру, әйелдердің қоғамдық-саяси рөлі мен белсенділігін арттыру, басқару пирамидаларындағы, экономикадағы гендерлік теңдік, еңбек саласында әйелдердің құқықтарының әділ шешілуі, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою, т.б. атап айтуға болады. Мәселен, М.А. Қазбекова өз зерттеуінде Дүниежүзілік банк тобының (World Bank Group) жыл сайынғы «Әйелдер, бизнес және заң» зерттеуінің нәтижелерін былай көрсетеді: «104 елде әйелдер әлі күнге дейін кейбір жұмыс түрлеріне рұқсат етілмейді, өйткені олар – әйелдер. 59 елде жұмыс орындарында жыныстық қудалауға қарсы заңнама жоқ. Ал 18 елде күйеулері әйелдеріне заңды түрде жұмыс істеуге тыйым сала алады» [12].

Қазіргі кезеңде гендер ұғымының ауқымы кеңейді, халықаралық деңгейде маңызды мәселе ретінде қарастырыла бастады. Гендерлік теңдік жөніндегі қалыптасқан қоғамдық пікірлердің өзгеріп, әйелдердің ғылым, техника, инженерия, өнер, саясат, алаңындағы орнын нығайту мәселелеріне ықпал етуде.

Қазақстанның әлемдік деңгейдегі инновациялық дамуы жолында қазақ әйелдері белсенді қызмет етіп келеді. Дамыған мемлекеттің басты көрсеткіштерінің бірі – гендерлік теңдік саясатының алда болуында. Осымен байланысты гендерлік білім беру, гендерлік сауаттандыру – қоғамының әлеуметтік мәселелерінің шешімінің басты алғышарты. «Гендерлік білім беру, сауаттандыру – қоғамды әлеуметтік процестерді түсінудің басты алғышарты. Оның дамуы қоғамды гендерлік жағдайды түсініп, әйел мен ерлер арасындағы проблемаларды нақты шешуге мүмкіндік береді» [11].

Қазақстанда білім берудің барлық деңгейлерінде гендерлік білім берудің маңыздылығы қоғамды демократияландырудың басты ерекшелігі болып қала береді. Гендерлік білім отбасынан басталып, балабақша, мектеп, орта, арнайы оқу орындары мен жоғары білім беру жүйесінде жалғасын табады.

Әділетті Қазақстанды құру үшін гендерлік мәселе пәнаралық зерттеулердің нысанына айнала бастады. Осыған орай гендерлік теңдік заңгерлер мен антропологтар, экономистер мен политологтар, психологтар мен педагогтар т.б. мамандардың өзекті мәселесіне айналуы тиіс. «Қазақстан экономикасын үнемі жаңғырту, өмір сүру сапасын жақсарту және қоғамды одан әрі демократияландыру гендерлік өзекті мәселелерді ілгерілетпей, шешпей мүмкін емес. Сондықтан болашақта жеке тұлғаның толық іске асырылуына ықпал ететін гендерлік қатынастардың жаңа модельдерін қалыптастыру қажет. Сонымен қатар жаңа қоғамның гендерлік құрылымы әр адамның өз іс-әрекетіне еркін және жауапты адамгершілік субъект ретінде әрекет ету тәртібі болып табылады» [13].

Қазақстандық қоғамды гендерлік біліммен қаруландыру, осы тұрғысынан жастар мен ересектердің білімін арттырып, барлық салада әйелдердің белсенді болуын, гендерлік теңдік пен гендерлік саясаттың өзектілігін және шешу жолдарын қарастыруда жергілікті және республикалық билік органдарының мақсатты әрекеті маңызды. Қазақстанның БАҚ құралдары мен медиа ресурстарында тренингтік, танымдық т.б. гендерлік тақырыптарды қамтитын оқулардың болуы, оған мемлекеттік қызметкерлердің араласуы маңызды. Азаматтық және мемлекеттік құрылымдардың қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың мамандық таңдау, білім алу, отбасын құру, ондағы қиындықтарды шешу, салауатты өмір

сүру салтының қағидаттары туралы, гендерлік теңдік, әйелдер мен ерлер арасында қарым-қатынастарды реттеу мәселелері жөнінде білімдерін арттыру мақсатында белсенділіктерін арттыру қажет. Себебі «гендерлік білім беру гендерлік стереотиптерді жеңіп, жыныстар арасындағы қарым-қатынастарға жаңа әлеуметтік мәдени дүниетанымдық ұстанымдардың қалыптасуына мүмкіндік береді» [13].

Гендерлік білім беру жүйесін білім берудің барлық деңгейлеріне енгізудің құқықтық, ұйымдастырушылық және мазмұндық-әдістемелік қырларын қарастырып, оны дамыту демократиялық қоғам құру мен сол қоғамда өмір сүріп жатқан білім алушының рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына мүмкіндік береді. Гендерлік мәселесінде негізгі жетістіктердің ішінде екі маңызды заңның қабылдануын атап өтуге болады: 2009 жылғы «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңдары, сондай-ақ 2006-2016 жылдарға қабылданған Гендерлік теңдіктің ұлттық стратегиясын. Қазақстанда «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» күшіне енді.

«Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында» [14] гендерлік ағартуды ілгерілету бойынша: «Гендерлік теңдік идеологиясын ілгерілету мақсатында гендерлік білім берудің және халықты ағартудың дамыған жүйесі жұмыс істейтін болады, ол бала кезінен бастап барлық жас санаттарын қамтиды. Гендерлік стереотиптер мен алалаушылықтарды жоюға бағытталған шаралар негізгі мәнге ие болады. Гендерлік теңдіктің құндылық сипатын назарға ала отырып, бұл процестегі ерекше рөл білім беру жүйесіне тиесілі болады. Осыған байланысты гендерлік мазмұн білім берудегі заманауи тәсілдерді талқылау бойынша ғылыми, кәсіби және қоғамдық қоғамдастықтардың барлық дискурстарына енгізілетін болады.

Қорытынды

Жалпы алғанда, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тарихи даму жолында қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны мен рөлі ерекше. Қазіргі Қазақстанның жаһандану заманында әйелдің қоғамдық-саяси алаңдағы рөлін айқындауда тарихи деректерді зерттеп-зерделеудің маңызы зор. Еліміздің тарихи даму кезеңдерінде қазақ әйелдері, олардың қоғамдағы белсенді әрекеті қазіргі әділетті қоғам қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осымен байланысты қоғамдық санада гендерлік теңдік туралы білімнің қалыптасуы демократиялық қоғам құрудың алғышарты болуымен қатар, мемлекеттің әлемдік деңгейде инновациялық дамуының басты факторы бола алады. Сондықтан білім берудің барлық деңгейлерінде, сонымен қатар ересектерге гендерлік білім беру сапасын арттырып, гендерлік сауаттылықты қалыптастыру жүйесі жаңа Әділетті Қазақстан құруда маңызды рөл атқарады. «Педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесіне гендерлік теңдік бойынша дәрістер енгізілетін болады. Мұндай тәсіл білім беру контентінің сапасын арттырып қана қоймай, сондай-ақ практика мен педагогтер мен оқушылардың мінез-құлық модельдері деңгейінде білім беру процесіне гендерлік теңдік қағидаттарын енгізуге мүмкіндік береді» деп нақтыланған [14].

Зерттеу жұмыстарында жаһандық деңгейде гендерлік білім беру саласындағы ғылыми пікірталастардың маңыздылығы зор. Соның ішінде, Қазақстандағы гендерлік білім туралы, оның қоғамдағы өзгерістерге ықпалы жөнінде жарияланған зерттеу жұмысымызда баяндалады [15].

Қорыта айтқанда, қазақ әйелінің білім жолының тарихы ұзақ та қиын кезеңдерді бастан кешті. Бүгінгі қазақ әйелі – отбасы берекесі болуымен қатар, қоғамды дамытушы қазіргі заман қаһарманы, күрескер, биік тұлға.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің 2023 жылдың 03 тамызындағы №345/23–25 келісім шартты негізінде жүзеге асырылатын АР19680587 «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы гендерлік білімнің ғылыми концепциясы: теориялық-методологиялық негіздері» жобасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Кунантаева К.К. К вершинам знаний: (Развитие женского образования в Казахстане. 1920–1977 гг.). Монография. / К.К. Кунантаева. – Алма-Ата: «Казахстан». – 1978. – 136 с.
- 2 Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. Оқулық. – Алматы: «Білім» баспасы. – 2008. – 416 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар жинағы. / Ы.Алтынсарин. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. – 1955. – 415 б.
- 4 Бейсенова М. Совет өкіметі қазақ әйелдеріне не берді. Монография. / М. Бейсенова. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы. – 1957. – 112 б.
- 5 Садыкова А.Қ. Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында). Философия докторы (PhD) диссертациясы. – Алматы. 2022. – 166 б.
- 6 Нұртас Ундасынов. Сборник документов и материалов. /Нұртас Оңдасынов. Құжаттар мен материалдар жинағы. ҚР мәдениет және спорт министрлігінің орталық мемлекеттік мұрағаты. – Алматы: «АБДИ Компани». – 2014. – 967 с.
- 7 Айтбайұлы Ө.А. Тілғұмырлар: Қазақ лингвистері мен тіл жанаһырлары. Монография. – Алматы: «Абзал–Ай» баспасы. – 2014. – 400 б.
- 8 Ұлттың ұлағатты ұясы. Анықтамалық-танымдық жинақ. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы. – 2020. – 458 б.
- 9 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 4–том. Жинақ. – Алматы: «ҚАЗАқпарат». 2005. – 528 б.
- 10 Бижанова М.А. Түркі даналығындағы бақыт метафизикасы. Монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ. – 2013. – 204 б.
- 11 Қазақстан әйелдері қозғалысы – әлеуметтік жаңғыртудың көрінісі. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – 2011. – 296 б.
- 12 Казбекова М.А. Женское предпринимательство в Казахстане: тенденции и направления развития. Диссертация на соискание степени доктора делового администрирования (DBA). Алматы. 2023. – 142 с.
- 13 Шаукенова З.К. Состояние гендерных исследований в Казахстане: политика, образование, культура. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2010. – 292 с.
- 14 Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы. (2016). Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (Қаралды: 2025, 15 қазан).
- 15 Gender Perspectives in Higher Education: Enhancing Gender Studies in Kazakhstan Zh.Agabekova, A.Salimzhanova, Zh. Suleimenova, G. Yestekova //Journal of Social Studies Education Research. – 2025. – Vol 16. №1. – P. 88–137. <https://www.jsser.org/index.php/jsser/article/view/6179>

REFERENCES:

- 1 Kunantaeva K.K. (1978). K vershinam znaniy: Razvitiye zhenskogo obrazovaniia v Kazakhstane (1920–1977) [To the peaks of knowledge: Development of women's education in Kazakhstan (1920–1977)]. Alma-Ata: Kazakhstan, 136 p. (in Russian).
- 2 Seitaliev Q. (2008). Pedagogika tarikhy [History of pedagogy]. Almaty: Bilim, 416 p. (in Kazakh).
- 3 Altynsarin, Y. (1955). Tandamaly shygharmalar zhinagy [Selected works]. Almaty: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 415 p. (in Kazakh).
- 4 Beisenova M. (1957). Sovet okimeti qazaq aielderine ne berdi [What the Soviet government gave to Kazakh women]. Almaty: Kazakh State Publishing House, 112 p. (in Kazakh).
- 5 Sadykova A.Q. (2022). Kasibi pedagogikalyq bilim beru oqu oryndarynyng tarihy (XIX gasyrdyng ekinshi zhartyysy – 1917 zh.) [History of vocational pedagogical education institutions (second half of the 19th century – 1917)] (Doctoral dissertation, PhD). Almaty, 166 p. (in Kazakh).
- 6 Ondasynov N. (2014). Sbornik dokumentov i materialov [Collection of documents and materials]. Central State Archive of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan. Almaty: ABDI Company, 967 p. (in Russian).
- 7 Aitbaiuly O.A. (2014). Tilghumyrlar: Qazaq lingvisteri men til zhanashyrlary [Lifelines of language: Kazakh linguists and language advocates]. Almaty: Abzal–Ai, 400 p. (in Kazakh).
- 8 Ulttyng ulaghaty uiasy [The noble cradle of the nation]. (2020). Reference and educational collection. Almaty: Kyzdar University Publishing House, 458 p. (in Kazakh).
- 9 Qazaq adebietining tarihy [History of Kazakh literature]. (2005). Vol. 4 of a ten-volume edition. Almaty: QAZAqparat, 528 p. (in Kazakh).
- 10 Bijanova M.A. (2013). Turki danalygyndagy baqyt metafizikasy [Metaphysics of happiness in Turkic wisdom]. Almaty: Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 204 p. (in Kazakh).
- 11 Qazaqstan aielderi qozghalysy – aleumettik zhangyrtudyn korinisi [The women's movement of Kazakhstan as a manifestation of social modernization]. (2011). Almaty: Kazakh Encyclopedia, 296 p. (in Kazakh).

12 Kazbekova M.A. (2023). Zhenskoe predprinimatel'stvo v Kazakhstane: tendentsii i napravleniia razvitiia [Women's entrepreneurship in Kazakhstan: Trends and development directions] (Doctoral dissertation, DBA). Almaty, 142 p. (in Russian).

13 Shaukenova Z.K. (2010). Sostoianie gendernykh issledovaniy v Kazakhstane: politika, obrazovanie, kultura [The state of gender studies in Kazakhstan: Politics, education, culture]. Almaty: Kazakh University, 292 p. (in Russian).

14 President of the Republic of Kazakhstan. (2016). Kontseptsii semeinoi i gendernoi politiki Respubliki Kazakhstan do 2030 goda [Concept of family and gender policy of the Republic of Kazakhstan until 2030]. Decree no. 384 of December 6, 2016. Retrieved. (accessed: October 15, 2025). (in Kazakh). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>

15 Agabekova Z., Salimzhanova A., Suleimenova Z., Yestekova G. (2025). Gender perspectives in higher education: Enhancing gender studies in Kazakhstan. Journal of Social Studies Education Research, vol. 16, no. 1, pp 88–137. (in English). <https://www.jsr.org/index.php/jsr/article/view/6179>

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПУТЬ КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН: ОТ ПРОСВЕЩЕНИЯ К СОВРЕМЕННОЙ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКЕ

Агабекова Ж.А.¹, Сулейменова Ж.Н.^{2,*}

¹Назарбаев университет, Республика Казахстан, г. Астана

²Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы

*e-mail: zharkyn123@mail.ru, zhazira.agabekova@gmail.com

Аннотация. В данной статье рассматривается образовательный путь казахских женщин, внесших неоценимый вклад в развитие системы образования в Казахстане, ставшей одной из предпосылок создания современного Казахстана, значение социальных прав женщин и их роль в общественной жизни. Цель исследования – определить исторический вклад казахских женщин в образовательный путь, в становление и развитие современной казахстанской государственности.

Основная идея исследования – связать образовательный путь выдающихся казахских женщин с историческими событиями и определить их место в сфере науки, технологий, инженерии, искусства и политики в современную эпоху. В исследовании использовались анализ научно-популярной литературы в области истории и культуры, изучение истории образовательного пути казахских женщин, качественные и статистические методы. Первые школы, открытые для казахских девочек, связаны с именем выдающегося просветителя Ыбрая Алтынсарина. Ценность исследования заключается в выявлении исторического значения первой духовной семинарии в современном городе Алматы, открытой в начале XX века для обучения казахских девушек, двухгодичных курсов по подготовке учителей в Кызылорде, региональных казахских школ-коммун в Оренбурге, школ, открытых в крупных городах Казахстана, таких как Уральск, Шымкент, Акмола, Каркаралы, Павлодар и др., в развитии современной системы образования. Практическая значимость работы заключается в научном изучении истории развития системы образования и народного образования в казахском обществе, выяснении вопроса преемственности в историческом развитии системы образования в Казахстане, а также в изучении исторически достойного места казахских женщин на пути образования и его развития.

Ключевые слова: казахские женщины, образование, просвещение, первые школы, история казахов, гендерное образование.

THE EDUCATIONAL PATH OF KAZAKH WOMEN: FROM EDUCATION TO MODERN GENDER POLICY

Zh.A. Agabekova¹, Zh.N. Suleimenova^{2,*}

¹Nazarbayev University, Republic of Kazakhstan, Astana

²Kazakh National Women's Teacher Training University, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e-mail: zharkyn123@mail.ru, zhazira.agabekova@gmail.com

Abstract. This article examines the educational path of Kazakh women who have made an invaluable contribution to the development of Kazakhstan's educational system, as well as the significance of women's social rights and their role in public life as one of the prerequisites for building a Just Kazakhstan. The aim of the study is to identify the historical contribution of Kazakh women to education in the formation and development of modern Kazakhstani statehood.

The main idea of the research is to show how the educational paths of prominent Kazakh girls are connected to historical events and to determine their place in science, technology, engineering, art, and politics in contemporary times. The study involved the analysis of scientific and popular literature on history and culture, the study of the history of Kazakh women's education, the compilation of a bibliography, and the use of quantitative methods. The first schools for Kazakh girls are associated with the name of the outstanding educator and teacher Ybyrai Altynsarin. The value of the research lies in revealing the historical significance of the first seminaries opened for Kazakh girls in present-day Almaty, two-year teacher training courses in Kyzylorda, regional Kazakh school-communes in Orenburg, and schools in major cities of Kazakhstan (Uralsk, Shymkent, Akmola, Karkaraly, Pavlodar, etc.) opened in the early 20th century in the development of the modern education system. The practical significance of the work lies in scientifically studying the history of the educational system and public enlightenment in Kazakh society, clarifying the issue of continuity in the historical development of education in Kazakhstan, and understanding the historically rightful place of Kazakh women in this process.

Keywords: Kazakh women, education, enlightenment, first schools, history of the Kazakhs, gender education.